

Қазақстан Республикасының Денсаулық Сақтау Министрлігі

Семей Мемлекеттік Медицина Университеті

Молекулалық биология және микробиология кафедрасы

# СӨЖ

**Тақырыбы:** Пародонтоз аурулары. Патогенез. Алдын алу және емдеу

# Жоспар:

I. Пародонтоз жайлы түсінік;

II. Негізгі бөлім:

2.1. Пародонтоз аурулары;

2.2. Пародонт ауруларының себептері;

2.3. Ауруды алдын алу және емдеу;

III. Қорытынды;

IV. Пайдаланылған әдебиеттер.

# Кіріспе:

**Пародонтоз** (көне грекше: *пара-* — маңы және көне грекше: *όδόντος*-тіс) пародонт тіндерінің жеткіліксіз қоректенуімен (дистрофия) туатын созылмалы ауру. Бұл тіс мойыны түбірінің жалаңаштанып, қызыл иектің семіп отыруымен сипатталады. Бұдан тіс ткандері желініп, сына тәрізді ақау пайда болады да, тіс түбірлері ыстық-суыққа сезімталдығы артып мазалайды.



# Пародонт аурулары

Пародонт ауруларына тән белгілер –қызыл еттің қызаруы мен қанауға бейімділігі, ауыздан жағымсыз иіс шығып, тістесудің дұрыс болмауы, тістің түптерінің жалаңаштанып қалуы.

Пародонтологияда жиі кездесетін аурулар - гингивит, пародонтит, пародонтоз.



# ГИНГИВИТ


**Гингивит** – бұл қызыл еттің беткі қабынуы, катаралдық түрі де болады (шырышты қабығының қабынып, ісінуі). Бұл жағдайда науқастың аузынан жағымсыз иіс шығып, қызыл еттері қанайды. Ауыз қуысынан қызыл еттің қызарғаны мен шырышты қабығының ісінгені көрініп тұрады.

Гипертрофиялық гингивит кезінде қызыл ет ұлғайып, гипертрофияланады. Кей жағдайларда қызыл ет тістерді жартылай немесе жартысынан көбін жауып тұрады. Жара гингивит – бұл жара учаскелері мен қызыл еттің некрозымен (семуімен) қатар жүретін өте ауыр сырқат.

Егер қызыл ет уақытында емделмесе, ол пародонтитке айналады.



# ГИНГИВИТ





# Пародонтит

Пародонтит – бұл қызыл ет пен буын аппаратында жүретін қабыну үрдісі, буын аппараты тісті жақтың шұңқырында ұстап тұрады. Осылайша бұл аурудың келесі белгілері бар: тістердің түптері жалаңаштанып қалады, тістер қозғалыссыз қалып, көлбеу бұрышы өзгереді, қызыл ет қызарып, қызыл ет іріндейді. Тіс пен шұңқыр (альвеола) арасында патологиялық қалта пайда болып, пародонтит белгілері біліне бастайды.




## СТЕПЕНИ ПАРОДОНТИТА



**пародонтит легкой  
степени**



**умеренный  
пародонтит**



**тяжелый  
пародонтит**

Пародонтоз ауруларының пайда болуына вирустар мен бактериялардың қатысы болмайды. Ауру гигиеналық заттар, ыдыс, ауа арқылы таралмайды. Қазіргі кезде медицинада пародонтоз ауруларын тудыратын факторларға:

- тістемнің дұрыс болмауы;
- генетикалық ақаулар;
- ауыз қуысындағы болезнетворная микрофлора;
- тіс пен қызыл иек тіндерінің қабынуы;
- қант диабеті, қантамырлар склерозы, гипертоникалық аурулар жатады

Пародонтиттің 3 ауырлық дәрежесі бары белгілі. Жеңіл дәрежесі кезінде науқастардың қызыл еті қышып, ауыздан жағымсыз иіс шығып, тіске шөгінділер жиналады. Осы кезеңде тіс пен қызыл ет арасында патологиялық тіс-қызыл ет қалталары деп аталатын саңылау тәрізді кеңістік пайда болады.

Пародонтиттің орташа дәрежесі кезінде тіс-қызыл ет қалталары одан сайын тереңдеп, терең сүйек қалталары пайда болады. Нәтижесінде аузында хронический басталады –бұл ағзаның ең қатты улануы. Пародонтиттің ауыр дәрежесі кезінде тістер босаңсып, түсіп қалады.

# Пародонтоз

**Пародонтоз** – бұл пародонттың барлық ұлпаларының дистрофияға ұшырап, созылмалы түрде қан кернеуі. Тістердің түптері жалаңаштанып, температура ауытқығанда ауырсынады.

Пародонтоз себептері – бұлар ең алдымен тістегі тастар, дұрыс тістеспеу немесе протездің дұрыс орнықпауы. Егер пародонтоз уақытында емделмесе, қабыну үрдісі тістердің босаңсып, түсіп қалуына дейін апарады.

Қазіргі заманғы пародонтология қызыл ет ауруларының алдын-алу мен пародонтозды кешенді емдеудің тиімді әдістерін ұсынады. Емдеу табыстылығы пародонт патологиясы мен әр нақты жағдайда тірі ұлпаларға ықпал ету механизмдерінің әрекеттесуін жақсы білуден басталады.



**Здоровые зубы**




**Пародонтоз**



**Здоровые десна**



**Пародонтоз**



Егер сізде төмендегі белгілер байқалса, дереу стоматологтың кеңесіне жүгініңіз:

- тістерді тазалаған кезде қызыл еттің қанауы
- ауыздан жағымсыз иістің шығуы
- тістерді қара қақтың басуы
- қызыл еттің ісінуі
- тіс түптерінің жалаңдануы
- тістердің қарысуы

Қызыл етті емдеуді алдымен толық зерттеуден бастайды, өйткені қызыл ет ауруларының себептері стоматологиялық себептермен қатар, ағзадағы басқа да қиындықтарға байланысты болуы мүмкін.

Патологиялар орын алмаған жағдайда стоматолог пародонтты зондтауға кіріседі. Ол тіс-қызыл ет қалталарының тереңдігін өлшеп, оларды орнатылған нормалармен салыстырады. Тіс-қызыл ет қалталары норма бойынша 2-3 мм-ден аспауы тиіс. Бұл шара міндетті саналады, өйткені соның нәтижелерінің негізінде пародонтитті емдеу әдістері құрылады. Егер пародонтит жаңа ғана дамып келе жатқан болса (тіс-қызыл ет қалталарының тереңдігі 5 мм шамасында болса), пародонтолог тек тістегі тастарды алумен шектеледі.

Егер тіс-қызыл ет қалталарының тереңдігі 7 мм-ден асып кетсе, жалаң тіс түбірін өңдеу амалы орындалады. Бұл түбірдің бұдырлы бетіне бактериялар жиналмауы үшін керек.

Түбір өңделгеннен кейін қызыл ет қайтадан тіске иек артады.

Өте терең қалталар қалыптасқанда түбірді тегістеп, қалталарды жою үшін микрохирургиялық әрекет жасалады.





```
graph TD; A[Пародонт ауруларын емдеу әдістері] --- B(Консервативті); A --- C(Хирургиялық)
```

Пародонт ауруларын емдеу  
әдістері

Консервативті

Хирургиялық

**Консервативті әдістерге** пациентке ауыз қуысының гигиенасын, тістегі шөгінділерді алуды үйрету, түсіндіру, дәрі-дәрмектік инъекциялар мен таңғыштар жатады.

**Кеңес:** қызыл етті емдеуді **КӘСІБИ ГИГИЕНАЛЫҚ ТАЗАЛАУДАН** бастаңыз. Пародонтит (гингивит) кезеңінде бұл қызмет ауру белгілерін жою үшін жеткілікті болуы да мүмкін. Қызыл еттің қабынуы мен қанауына тістегі қақтар, тістегі тастар мен ауыздың дұрыс күтілмеуі де себеп болуы мүмкін.

Хирургиялық әдістерге жабық және ашық кюретаж, кесінділік операция, сонымен қатар еріннің алдыңғы жағы мен жүгеншесінің, тілдің икемділігіне қатысты алдын-алу хирургиялық шаралары да жатады

**Жабық және ашық кюретаж** периодонтиттің жеңіл формалары кезіндегі тиімді ем болып табылады және тіс аралықтарын қабыну ұлпаларынан тазарту, түбірдің бетін өңдеу мен қызыл ет асты шөгінділерін алудан тұрады.



Орташа және ауыр дәрежелі пародонтитті емдеудің тиімді жолы – **кесінділік операция болып саналады.** Бұл операция барысында тіс аралықтарынан барлық қабынған ұлпалар алынып, тіс беттері тегістеліп, жылтыратылып, шырышты-сүйек беті кесіндісі модельденеді. Кейде сүйек-икемді материалдары мен мембрана орнату қажет болуы мүмкін.

**Кесінділік операция** қызыл ет кесіндісі аршылып, сүйектің жаңа нобайы жасалып, тас қалдықтары алынады. Тігістер арқылы қызыл ет кесіндісі жаңа орынға орналастырылады, қызыл ет бітеледі.

# Қорытынды:

Қорыта келе айтарым: пародонтит жазылатын ауру, алайда көпжақты, кешенді қарауды және білікті мамандар тобының жұмысын жұмылдыруды қажет етеді.



## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1) <http://stomatologiya.kz/kz/uslugi/paradontologija.html>;

